



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## САЙЛАУ – АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ӨЛШЕМІ



Мемлекет басшысының жарлығы бойынша 20 қарашада өтетін ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауын біреу қолдаса, біреу оның мерзімінен бұрын өтуіне өз қарсылығын білдіруде. Оны қолдау не қолдама әркімнің өз еркін. Конституция бойынша азаматтардың сайлау және сайлану құқына кедергі келтіруге ешкімнің қақысы жоқ.

(Соны 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

## МҰГАЛАМ: САФАТ ҮШІН ТАРТЫСҚАНДА САПАНЫ КІМ ОЙЛАЙДЫ?

«Фалым да, шахтер де бас иетін, үстазым бар сенің қасиетің» деп ақын жырлағандай, үстаздарға деген құрмет әрқашан жоғары. Үнемі болмаса да, жылына бір келетін үстаздар мейрамында біріміз алғашқы әріпті үйреткен, біріміз математиканың формуласын түсіндірген, біріміз көркем әдебиетпен табыстырған, біріміз тарихқа үңілткен мұғалімдерді еске алып, олардың енбекін мойындағының даусыз. Мұндай сезім, әсіресе, аға буын өкілдеріне тән.

Үстазды пір тұтқан, оның әр сөзін бұлжымас ережеге балаған кездер болды. Бұл сол кездегі түсінік, пайымызға, алған онегемізге көбірек байланысты болса керек. Ойткені, нені көбірек көрсек, неге көбірек сенсек, соган кол жеткізетініміз галамның айнымас заңдылықтарының бірі. Аға буын үстаздарға деген құрмет пен сенім оларға өз кәсібін алдындағы жауапкершілік жүргін ұғындырыды, мамандығы үшін мактансышын үстеп, мамандықтың ел тағдырындағы маңызын жүргегіне ұлатып, санасына сінірді. Бұл іске күнкөріс үшін емес, жүрек калауымен, үлкен

тауекелмен келу қажеттігін сезіндірді. Осылайша елі ардактаган мұғалімдер шын мәніндегі үлт үстаздарына айналған алды.

Казір ше... Қазір ел болашағын тәрбиелейтін осына киелі қасір әркімнің колжаулығына айналғандай. Және бұған алдымен өзіміз, когам кінәлі десек не дейісідер?! Жұырда бір танысыма синип жетекшісі хабарласып, баласын басқа мектепке ауыстыруды сұраган. Өтініштің өзі емес, себебі кайран калдырды. Егер мектеп бала үшін алыс болып, барып-келу киындық тудырып жүргендіктен осындағы ұсыныс айтылса әңгіме

баска. Өкінішке қарай, мәселе мұнда емес, мәселе баланың бербеткейлігі, қикарау мінезінде екен. Сынып жетекшісі басқа балалардың мінезіне, тәртібіне кері әсер етеді деп, танысымын баласынан құттығысы келеді. Яғни, өз жанының тыныштығы үшін баланы үйренген ортасынан аластай салу ниеті бар. Мектеп ауыстырудан баланың алатын психологиялық жаракаты, бұл жағдайдың оның кейінгі тағдырына тигізтер теріс әсері үстазды мүлде ойландырмайтын сиякты. Өзінін айтқанынан шықпайтын окушылармен ғана жұмыс істеп, ешнәрсеге бас ауыртпай жүргісі келеді.

Шын мәніндегі баланың мұндай қиқар болуы бір түйткілердеге байланысты шыгар? Бәлкім, бұл мінез іштегі бұғып жатқан таланттың көзі болуы мүмкін. Онымен жұмыс істеге арқылы бала кабілетін оятып, дамытуға болар. Сөйтіп, слеге қызмет ететін үлкен бір тұлға есіп шыгар одан.

(Соны 6-бетте)

СҮЙІНШІ!

## БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы ЖШС, респубикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет үйімдастырылып отырган додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының сонына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көшіліктің ынтысын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың енбекін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru ел.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі A4 форматында 14-ширифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Соңдай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖУЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеш және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылды жылдың бір ерекшелігі – оқырманнан дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ен көп ие болған үміткерге бірінші орынға тән дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға кабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢЫЗ! ICKE СӘТ!



СӘТІ ТҮСКЕН СҮХБАТ

Омаралы ӘДІЛЕКҰЛЫ, Дүниежүзі қазақтары қауымдастырының Алматы қаласы филиалының төрағасы:

«КӨШИ-ҚОНҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖАСАУ — БІРЕУЛЕРДІҢ БИЗНЕС КӨЗІ»

— Алматыда Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрьылтайының откінене биыл 30 жыл толды. Бұл мәртейтінде қауымдастық қалай атап откелі отыр?

— Бұл шарага орай жеке өзім биыл Алматы филиалының атынан Шалкар радиосында 2 рет сұхбат бердім. Жақында Жамбыл атындағы филармонияда есімі Қытайды да, Қазақстанда да танылам Күлмен Шүлебайкызы деген апамызың кеші болады.

(Соны 5-бетте)













